

Құлманов С. Шет тілінен енген терминдерді транслитерациялау және транскрипциялау мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – Алматы, 2017. – №3 (61). –80-86-беттер.

ӘЖК 811.512.122'322.3

ШЕТ ТІЛІНЕН ЕНГЕН ТЕРМИНДЕРДІ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ТРАНСКРИПЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕСІ

С.Қ. Құлманов

k.k.sarsen@mail.ru

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі, филол.ғ.к., доцент*

Түйін

Шет тілдерінің терминдері қазақ тіліне орыс тілі арқылы транслитерацияланып алынып келеді. Сондықтан терминдерді жазуда қазақ тіліне тән емес құбылыстар кездеседі.

Шет тілдерден терминдер қабылдағанда шет тілдерден енген халықаралық терминдерді латын графикасы негізінде таңбалау барысында олардың орфографиялық нормаларын қалыптастыру; терминологиялық бірліктерді латын графикасы негізінде таңбалауда төл тіліміздегі термин атауы ретінде қалыптастырудың ұтымды тұстарын анықтап, қазіргі терминжасам ісіне жаңаша бағыт-бағдар әзірлеу қажет. Сонымен қатар шет тілдерден енген халықаралық терминдерді қосымшалар көмегімен түрлендіру проблемаларын түпкілікті шешу, шет тілдерден енген халықаралық терминдердің қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына кереғар келетіндерін тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіру ережелерін қалыптастыру; қазақ әліпбиін латын қарпі негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіргенде терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелерін түпкілікті шешу) де кезек күттірмейтін мәселе деп білеміз.

Тірек сөздер: тіл білімі, сөз, дыбыс, таңба, жазу, трансплатациялау, транслитерациялау, транскрипциялау, термин, қағидат.

ПРОБЛЕМЫ ТРАНСЛИТЕРАЦИИ И ТРАНСКРИБИРОВАНИЕ ЗАИМСТВОВАННЫХ ТЕРМИНОВ

С.К. Кулманов

k.k.sarsen@mail.ru

*Заведующий отделом Терминологии Института языкознания им.
А. Байтурсынова, к.ф.н, доцент*

Аннотация

Термины иностранных языков на казахский язык транслитируется через русский. Поэтому при написании терминов встречаются явления, которые не характерны для казахского языка.

При заимствовании термины с иностранных языков должны осуществляются следующие действия: при заимствовании международных терминов с иностранных языков формирование нормы правописания на основе латинской графики; при заимствовании терминологических единиц определить преимущественные стороны исконных терминологических наименований, разработать новое направление в текущей терминологии; кардинальное решение проблемы трансформации аффиксами международных терминов; формирование правил инденфицирования международных терминов внутренним сингармоническим законам казахского языка; при переходе казахского алфавита в новый национальный алфавит на основе латинского алфавита пересмотреть и улучшить приципов принятия терминов (принятие терминов по произношению или написанию в исконном языке, или по произношению или написанию в русском языке; окончательное решение об использовании транслитерации или транскрипции при принятии терминов).

Ключевые слова: языкознание, слово, звук, знак, письменность, трансплатация, транслитерация, транскрипция, термин, прицип.

PROBLEMS OF TRANSLATION AND TRANSKRYPTION OF THE BORROWED FOREIGN TERMS

S.K. Kulmanov

k.k.sarsen@mail.ru

*Supervisor of the Department of Terminology of the Institute of Linguistics
named after A. Baytursynov, candidate of philology, Associate Professor*

Annotation

Terms of foreign languages into the Kazakh language are translated through Russian. Therefore, there are phenomena that are not characteristic of the Kazakh language.

When borrowing terms from foreign languages, the following actions should be performed: when borrowing international terms from foreign languages, the formation of a spelling norm on the basis of Latin graphics; when borrowing terminological units, determine the primary aspects of the original terminological names, develop a new direction in the current terminology; cardinal solution of the problem of transformation with affixes of international terms; the formation of rules for the identification of international terms in the internal sinharmonic laws

of the Kazakh language; when the Kazakh alphabet is transferred to the new national alphabet on the basis of the Latin alphabet, review and improve the principles of acceptance of terms (the adoption of terms for pronunciation or writing in the original language, or pronunciation or writing in Russian, the final decision on the use of transliteration or transcription when making terms) .

Keywords: linguistics, word, sound, sign, writing, transplantation, transliteration, transcription, term, principle.

Тіл білімінде шет тілдерінен енген кірме жалқы есімдердің бастапқы дыбыстық-графикалық «бейнесін» сақтап жазудың үш тәсілі аталады: *трансплантациялау, транслитерациялау және транскрипциялау.*

Трансплантациялау (лат. *trans* – арқылы, қайта; *plantatio* – өсімдіктерді отырғызу; *transplantare* – ауыстырып салу) – «мәтінге шет тілдерінің сөздерін (атауларды, есімдерді) графикасын сақтай отырып тікелей енгізу» [1, 11]. Бұл тәсіл қазақ тілінде негізінен БАҚ-та, ісқағаздарында, ішінара ғылыми әдебиетте қолданылады. Мысалы, «APEC PetroTechnic» жоғары колледжінде «*Consolidated Construction Company*» (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.) компаниясы бағдарламасының біліктілікті арттыру курстары ашылды («Егемен Қазақстан». №44 (29025). 03.03.2017.), *CD-жазба, Windows-бағдарламалар және т.б.*

Транслитерациялау (лат. *trans* – арқылы, қайта; *littera* – әріп) – бір жазудың таңбаларын екінші жазудың таңбаларымен дәл беру. Транслитерациялауда бір жазу жүйесінің әрбір таңбасы (немесе таңбалар тізбегі) екінші жазу жүйесінің бір ғана таңбасымен (немесе таңбалар тізбегімен) беріледі. Транслитерациялау негізінен жалқы есімдер мен географиялық атауларды, әртүрлі саяси және мәдени-тұрмыстық реалийлерді беруде қолданылады. Мұнда әріптердің сәйкестігі ғана ескеріліп, дыбыстарға көңіл бөлінбейді. Сондықтан транслитерациялау негізінен тілге санскрит, латын, грек сияқты «өлі» тілдердің сөздерін алғанда қолданылады. Сонымен бірге көпшілік қолдана бермейтін немесе қолданыста қиындық тудыратын әліпбилі «тірі» тілдердің мәтіндері де транслитерацияланады. «Тірі» тілдерді транслитерациялау әдетте «ымыра» жолымен шешіледі, өйткені дыбысталу формасынан тым алшақтап кетпеу үшін қандай да бір шамада дыбысталуды да ескеру қажет болады. Басқаша айтқанда, әліпби емес, осы тілде қабылданған графика жүйесі транслитерацияланады. Мысалы, *Daudet* француз фамилиясы орыс тілінде *Додэ (Додэ)* түрінде транслитерацияланады, яғни француз тіліндегі айтылуы ескеріледі [2].

Шет тілдерінің сөздері қазақ тіліне негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланатындықтан, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді. Мысалы, *аберрация* (лат. *aberratio*), *дактилоскопия* (грек. *daktylos + skopeu*); *импичмент* (ағылшын. *impeachment*); *ультимо* (итал. *ultimo*), *ордонанс* (фр. *ordonnance*) және т.б. Алайда шет тілдерден енген сөздерді транслитерациялауда қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін. Мысалы, а) үш немесе одан да көп дауыссыздың қатар келуі (*аккредитив, коэффициент және т.б.*), ә) екі немесе

одан да көп дауыстының қатар келуі (*гидроакустика, радиоактивті және т.б.*), в) **ь, ъ** тәрізді қазақ сөздеріне тән емес таңбалардың алынуы (*вольт, конъюнктура және т.б.*).

Ал қазақ сөздерін (негізінен жалқы есімдерді, ұлттық реалийлерді) басқа тілдерге транслитерациялау барысында транслитерацияланатын тілдердің жазу ерекшелігі негізге алынады. Мысалы, *Қадырова Әйгерім Габитқызы* деген адамның аты-жөні орыс тіліне *Кадырова Айгерим Габитқызы*, ағылшын тіліне *Qadyrova Aigerim Gabitqyзу* түрінде транслитерациялануы мүмкін.

Тілдің сөздік қорының жедел қарқынмен байи түсуіне ғылым мен техниканың дамуымен пайда болатын жаңа терминдермен қоса, аударма арқылы енетін ұлттық реалийлердің де өзіндік үлес салмағы үлкен. Мәселен, Р.Бердібайдың бір ғана «Көзқамандар туралы аңызын» аударудың нәтижесінде ағылшын тілінің сөздік қоры *kozkamans, kozkamanism* терминдерімен толыға түсті деп ойлаймыз [3, 14]. Сонымен қатар қазіргі терминжасам процесінде қазақ ұлтының реалийлері қатарына жататын *ақсақал – аксақал (aqsaqal) – aqsaqal (aqsaqal); бауырсақ – бауырсақ (bawirsak) – bawirsak (bawirsak); құрт – құрт (qurt) – qurt (qurt); қымыз – кумыс (qimis) – qumys (qimis); қазы – казы (qazi) – qazy (qazi), сәукеле – саукеле (sæwkele) – saukele (sæwkele), шапан – шапан (fapan) – shapan (fapan); шолпы – шолпы (folpi) – sholpy (folpi), жамбы – жамбы (zambi) – zhamby (zambi), сабантой – сабантой (sabantoj) – sabantoy (sabantoj), терме – терме (terme) – terme (terme), асар – асар (asar) – assar (assar)* және т.б. сөздердің орыс, ағылшын және т.б. тілдерге транслитерациялану және транскрипциялану жағдайларын да кездестіруге болады [4].

Транслитерациялаудың бірнеше түрі болады: *қатаң – бастапқы мәтіннің әрбір таңбасын жазудың бір ғана таңбасымен ауыстыру (а→a, б→b, в→v, ю→û...); жеңілдетілген – бастапқы мәтіннің кейбір таңбасын жазудың екі немесе одан да көп таңба тіркесімен ауыстыру (ж→zh, ч→ch, ю→yu, я→ya...); кеңейтілген – бастапқы мәтіннің кейбір таңбалар тіркестерін ерекше түрде беру (ый→у).*

Транслитерациялау кезінде бірнеше талаптар қойылады: *біркелкілік – бастапқы жазудың элементтерін (әріп, сөз, айтылым) басқа жазудың құралдарымен берудің тұрақтылығын қамтамасыз ету; оңайлылық – бір жазу жүйесінің таңбаларын екінші жазу жүйесінің таңбаларымен ауыстыру кестесін қолдануды көздейтін қарапайым алгоритмдердің негізінде бастапқы мәтіннен конвертацияланатын мәтінге өту рәсімін автоматты түрде орындауды қамтамасыз ету; қағидаларды сақтау – конверсиялау қағидасын қолдану кезінде жазудың конвертацияланатын жүйесінің таңбаларының дыбыстық сәйкестігінің талаптары, эстетикалық тұжырымы және дәстүрлі нормаларды барлық уақыт сақтала бермейді, сондықтан жекелеген жағдайларда дәстүрлі, фонетикалық және эстетикалық нормалар аз бұзылу үшін қағидалар әзірленуі қажет.*

Транскрипциялау (лат. *trans* – арқылы, қайта; *scribo* – сызамын, жазамын) – шет тілі сөзінің дыбыстарын (әдетте жалқы есім, географиялық атаулар, ғылыми терминдер және т.б.) қабылдаушы тілдің әліпбиінің әріптерімен беру.

Тілтанушылар транскрипциялаудың бірнеше түрін көрсетеді. Фонемаларды қарама-қарасы қойып салыстыру арқылы көрінетін, негізгі мағына ажыратушы айтылу ерекшеліктері *фонематикалық транскрипциялау* деп аталады. Қандай да бір өңірлік, хронологиялық немесе басқа да айтылу нұсқаларын беру үшін *фонетикалық транскрипциялау* қолданылады [5].

Ал кең таралған *практикалық транскрипциялау* – шеттілдік есімдер мен атауларды қандай да бір тілдің орфографиялық жүйесі арқылы жазу. Практикалық транскрипциялауда қосымша таңбалар енгізілмей, қабылдаушы тілдің таңбалары (әріптері) қолданылады.

Практикалық транскрипциялауда төмендегілерді ескерген жөн:

- арнаулы символдар немесе диакритикалық таңбалар енгізе отырып, айтылуды барынша дәл жеткізуді мақсат ететін фонетикалық транскрипциялау;
- бастапқы жазылу арқылы анықталатын транскрипциялау;
- аударма немесе калька.

Практикалық транскрипциялауда кейде бір-біріне қарама-қарсы келетін бірнеше мақсат көзделеді:

- шет тілдерінің дыбыстық бейнесін жуықтатып сақтау;
- түпнұсқаның жазылуын бейнелеу, әсіресе дыбыстауды сол калпында бейнелеу мүмкін болмайтын жағдайдың орнын толтырады (мысалы, дауыстылардың созылыңқылығын білдіру);
- түпнұсқа тілдің бүкіл фонетикалық жүйесін бейнелеу;
- тілдік ұқсастықтарды ескеру;
- қалыптасқан дәстүрді ескеру.

Ғылыми транскрипциялауда қабылдаушы тілдің орфографиялық нормалары қатаң сақталмайды, яғни шартты түрде транскрипциялау көзделеді. Нағыз ғылыми мәнмәтіндерден («Халықаралық фонетикалық әліпби» сияқты жүйенің қолданылуын есепке алмағанда) басқа жағдайларда бұл әдіс әсіресе әліпбилік емес жазу жүйесін пайдаланатын тілдерде қолданалады, мысалы қытайдың Пиньин жүйесі.

Транслитерациялау мен транскрипциялаудың арасын түпкілікті ажыратып көрсету мүмкін болмайтын да жайттар ұшырасады, мұндайда әдетте бұл екі тәсіл бірге қолданылады. Мысалы, «Newton» деген ағылшын фамилиясы орыс тіліне «Ньютон» түрінде беріледі (салыстырыңыз: «Ньютен» – транскрипциялау тәсілі, «Невтон» – транслитерациялау тәсілі [6]).

Қазақ ойшыл-ғалымдары транслитерациялау мен транскрипциялауға қатысты «өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп *жат, кірме, бөгде, қотыр, бұралқы, бұратана* деген анықтауыштармен беру керек» деген көзқарастарын ХХ ғасырдың басында-ақ айтқан болатын [7, 96]. Мысалы, Халел Досмұхамедұлының мына сөз

назар салайық: ««Европа» сөзін орыстың айтуынша қолданып жүрміз. Бұл дұрыс емес... Шама келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса – франсоздың айтуынша, немістікі болса – немістің айтуына жақындатып алу керек... Орыстар «Европа» сөзін өзінше өзгертіп алған... Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе, жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян береді... Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді... зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» [8].

Қазіргі кезде қазақ тіліне орыс тілінің жазуы арқылы енген сөздердің (негізінен терминдердің) басқа тілдерде қолданылуына назар аударайық. Мысалы, *терапевт – интэрниста* (чех), *жэнэралист* (француз), *тэрапэута* (испан); *хирург – ширюржъен* (француз), *кирурго* (итальян), *журнал – ревью* (француз), *ривиста* (итальян), *ррэбистас* (испан), *часописи* (чех) [9, 24].

Мұндай мысалдарды қазіргі ғылым салаларының терминдерінен мыңдап келтіруге болады. Осы мәселеге қатысты БАҚ-та әртүрлі пікірлер кездеседі. Солардың бірін келтіре кетелік: ««Кассаны» қазақтар ойлап таппағандықтан, «касса» деп жазып, «касса» деп айтып жүрміз. Ал мұны француздар «кэсс», чехтар «покладна», итальяндар «бильеттерна» деп қолданады. Демек, касса сөзі де «әулие» емес екен, ендеше «кассаны» күндердің күнінде жұрт қатарлы біздер де өз тіліміздің ыңғайына икемдеп айтуымыз қажет» [10].

Біз сөз етіп отырған трансплантициялау, транслитерациялау және транскрипциялау мәселелері аударматану теориясында да өзекті болып табылады. Аударматану саласының мамандары осы тұрғыдан төмендегідей аудару қағидаларын ұсынады:

1. Қандай да бір халықаралық транскрипциялау жүйесіне немесе әліпбиаралық сәйкестікке жүгіну керек.

2. Барлық жалқы есімдер, адам аттары, географиялық атаулары, компаниялардың атаулары, мерзімді баспасөз, фольклорлық кейіпкерлер, елдер мен халықтардың аттары, ұлттық-мәдени реалийлердің атаулары және т.б. транскрипциялануы немесе транслитерациялануы қажет.

3. Мәтінде кездесетін атаулардың (есімдерді) транскрипциялау әлемдік мәдениетте қалыптасқан және сол қалпында қолдануды талап ететін қандай да бір есімнің ықтимал дәстүрлі формаларын алдын ала мәдениеттанымдық талдауды талап етеді.

4. Арнаулы ғылым салаларында қолданылатын жаңадан енгізілетін, тілде баламасы жоқ *терминдердің көпшілігі транскрипциялануы немесе транслитерациялануы қажет* (көлбеу жазумен берген біз – С.Қ.).

5. Транскрипциялау немесе транслитерациялау калькалаумен, семантикалық аудармамен немесе комментариймен қатар аралас аударма компоненті ретінде қолданылуы мүмкін [11].

Жалпы аударма теориясына тереңдеп бармай-ақ, осы қағидалар тізіміндегі төртінші тармақта айтылған шет тілдерінен термин қабылдау мәселесінің өзі қазіргі кезде даулы болып отыр. Шет тілдерінен енген, «халықаралық» деп алататын терминдер қазақ тіліне орыс тілінің жазуы арқылы транслитерацияланып алынып келеді.

Жалпы халықаралық тәжірибеде шет тілдерінің сөздерін белгілі бір тілдің әліпбиі арқылы беруде төрт түрлі графикалық тәсіл (немесе осы тәсілдердің аралас) қолданылуы мүмкін: *бір таңбаны бір таңбамен беру; бір таңбаны таңбалар тізбегімен беру; бірнеше таңба тізбегін бір таңбамен беру; бірнеше таңба тізбегін бірнеше таңба тізбегімен беру.*

Ал қазақ әліпбиін латын қарпі негізінде реформалау мәселесі көтеріліп отырған қазіргі кезде шет тілдерінен термин қабылдау мәселесі қайта қарауды талап етеді. Осы орайда негізгі екі мәселені шешу маңызды саналады: біріншіден, стандартталған бірыңғай қазақ ұлттық әліпбиін қабылдау, екіншіден, терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелеріне түпкілікті нүкте қою).

Бұл мәселе қазіргі түркі тілдес тілдердің барлығында бар десек қателеспейміз. Мысалы, халқының саны жағынан да, экономикалық әлеуеті тұрғысынан да дамыған елдердің қатарына жататын, туыстас түркі елдерінің ішіндегі ірісі түрік ұлтының тілінде де қазіргі кезде «нақты бір сала ғылыми-техникалық жүйесін сипаттап, белгілі бір терминологиялық жүйені құрайтын» [12, 59] шеттілдік терминдер мол кездеседі. Зерттеушілер түрік тіліне шет тілдерінен енген терминдерді негізінен төмендегіше жіктейді: 1) ғылым мен техника саласы: а) медицина терминдері: *stres (stress) – стресс; epikriz (epicrisis) – эпикриз; liposuction (liposuction) – липосакция*; ә) компьютер терминдері: *bit (bit) – бит; cobol (Cobol) – Кобол; çet (chat) – чат; hekir (haker, hacker) – хакер; internet (internet) – интернет*; б) өсімдік және жануарлар әлемі: *buldok (bulldog) – бульдог; flâmingo (flamingo) – фламинго; çarliston (charleston) – чарльстон; greypfrut (grape fruit) – грейпфрут*; г) өнер: *caz (jazz) – джаз; fokstrot (fox-trott) – фокстрот; folk (folk) – фолк; hit (hit) – хит және т.б.*; 2) экономика саласы: *bar (bar); akseptans (acceptance); banknot (bank-note) – банкнот; çek (check, cheque) – чек; fob (free on board) – фоб; kliring (clearing) – клиринг; aktüeryal (aktuarial); marketing (marketing); partner (partner) – партнер; brokir (broker) – брокер және т.б.*; 3) қоғамдық-саяси лексика: *aparhayd (apartheid) – апартеид; boykot (boycott) – бойкот, dominyon (dominion) – доминион, lider (leader) – лидер, lord, lort (lord) – лорд және т.б.*; 4) спорт саласы: *ralli (rally) – ралли; sprint (sprint-) – спринт; hokey (hockey) – хоккей; kriket (cricket) – крикет; kros (cross) – кросс және т.б.*; 5) шоу-бизнес (сән, мәдениет, музыка, кино, телевидение) саласы: *blazer (blazer) – блейзер; frak (frock) – фрак; kep (cap) – кепи; tabloid (tabloid) – таблоид; rating (rating) – рейтинг, soundtrack – саундтрек және т.б.* [13].

Бұрынғы Кеңес одағының құрамында болып, тәуелсіздік алған бірқатар түркітілдес мемлекеттер әліпбиін латын қарпіне ауыстырғаны белгілі. Алайда ол тілдердің терминологиясында да транслитерациялау және транскрипциялау құбылысы толық шешілді деп айта алмаймыз. Мысалы, әзербайжан тілінде: *infrastruktur* (инфраструктура), *magistral* (магистральный), *bakterial* (бактериальный), *industriya* (индустрия), *hidro-inşaat* (гидро-строительство), *deaktivləşdirmək* (деактивизировать), *etnoqrafiya* (этнография), *makrobentos* (макро-бентос), *makrofauna* (макро-фауна) және т.б. [14], өзбек тілінде: *budjet* (бюджет), *integratsiya* (интеграция), *fyuchers* (фьючерс), *resurs* (ресурс) және т.б. [15].

Бұл тілдерден келтірілген мысалдарға сүйенсек, екіұдай құбылыс байқалады: терминдер бірде түпкі тілдердегі айтылуына орай қабылданатын тілдердің айтылуына бейімделіп алынса, яғни транскрипцияланса (негізінен түрік, әзербайжан тілдерінде), бірде орыс тіліндегі жазылуы (айтылуы) бойынша транслитерацияланады (мысалы, өзбек тілінде).

Жалпы кірме сөздер фонетикалық және морфологиялық бейімделуіне байланысты екі топқа бөлінетіні белгілі: 1) түпнұсқа тілде (дұрысында – делдал тілде) қалай жазылса, солай жазылатын сөздер; 2) фонетикалық және морфологиялық бейнесін өзгертіп, икемделген сөздер.

Ал қазақ тілінің қазіргі қолданыстағы орфографиясында екі түрлі қағидат қолданылатындығын жасыра алмаймыз: 1) қазақтың төл сөздері мен араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздер қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазылады; 2) орыс тілі арқылы еніп жатқан сөздер орыс тілінің орфографиясы негізінде жазылып келеді. Мысалы, *объект, субъект, подъезд, адъютант, пьеса, роль, январь, альбом, рельс* сөздері «ъ» және «ь» таңбаларымен жазылады. Осыған байланысты әліге дейін а) кірме сөздердің барлығын (оның ішінде терминдерді де) қазақ тілінің заңдылығы бойынша жазу керек және ә) кірме сөздер орыс орфографиясымен жазылуы керек деген кереғар көзқарас текетіресіп келеді. Өкініштісі сол, қазіргі түркі тілдерінің көбінде екінші қағидат басымдық алып отыр.

Қазақ және ішірана кейбір түркі тілдерінің материалдарына талдау жасай келе, терминдерді таңбалау бойынша мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- шет тілдерінің терминдері қазақ тіліне негізінен орыс тілі арқылы транслитерацияланып, орыс тіліндегі жазылуы басшылыққа алынып келеді;
- шет тілден енген сөздерді транслитерациялауда қазақ тіліне тән емес құбылыстар (тіркесімдер, таңбалар және т.б.) орын алуы мүмкін;
- қазақ сөздерін басқа тілдерге транслитерациялау барысында транслитерацияланатын тілдердің жазу ерекшелігі негізге алынады;
- түркі тілдерінде терминдерді таңбалауда, екіұдай құбылыс байқалады: терминдер бірде түпкі тілдердегі айтылуына орай қабылданатын тілдердің айтылуына бейімделіп алынса, яғни транскрипцияланса (негізінен түрік, әзербайжан тілдерінде), бірде орыс тіліндегі жазылуы (айтылуы) бойынша транслитерацияланады (мысалы, өзбек тілінде).

Шет тілдерден терминдер (жалпы сөздік бірлік) қабылдағанда төмендегі іс-әрекеттер атқарылуға тиіс деп санаймыз:

- шет тілдерден енген халықаралық терминдерді латын графикасы негізінде таңбалау барысында олардың орфографиялық нормаларын қалыптастыру;

- терминологиялық бірліктерді латын графикасы негізінде таңбалауда төл тіліміздегі термин атауы ретінде қалыптастырудың ұтымды тұстарын анықтап, қазіргі терминжасам ісіне жаңаша бағыт-бағдар әзірлеу;

- шет тілдерден енген халықаралық терминдерді қосымшалар көмегімен түрлендіру проблемаларын түпкілікті шешу;

- шет тілдерден енген халықаралық терминдердің қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына кереғар келетіндерін тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіру ережелерін әзірлеу;

- қазақ әліпбиін латын қарпі негізіндегі жаңа ұлттық әліпбиге көшіргенде терминдерді қабылдау қағидаттарын қайта қарап, жетілдіру (негізгі түпкі тілдегі жазылуы немесе айтылуы бойынша немесе орыс тілінің жазуы немесе айтылуы бойынша қабылдау; терминдерді қабылдауда транслитерациялау немесе транскрипциялау тәсілдерін қолдану мәселелерін түпкілікті шешу).

ӘДЕБИЕТ

1. Гиляревский Р.С., Старостин Б.А. Иностранные имена и названия в русском тексте: Справочник.. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1985. – 303 с.

2. Зиндер Л.Р. Общая фонетика. 2-е издание. – М. Высшая школа, 1979. – 297 с.

3. Академик Р. Бердібайдың 75 жылдығына арналған А.Ясауи университетінің Хабаршысы. № 6 (37), Түркістан, – Желтоқсан, 2002. – 177-181б.

4. Құсайынов А.А., Жүнісбек Ә., Жақыпов М.Х. Қазақ этнографиясының 6 тілді қысқаша сөздігі. – Алматы: «Rond&A» баспасы, 2017. – 304 б.

5. Коржова С.Б. Теория перевода. Учебное пособие. – Тюмень, Тюменский государственный нефтегазовый университет, 2007. — 114 с.

6. Бархударов, Л. С. Язык и перевод: вопросы общей и частной теории перевода. / Л. С. Бархударов. – М. : ЛКИ, 2010. – 240 с.

7. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 96 б.

8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998.

9. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. – Алматы: Атлас, 2006. – 244 бет.

10. Рамазанұлы Т. Халықаралық терминдер неге қазақшаланбауға тиіс // Жас Алаш №76 (15534) 23 қыркүйек, бейсенбі 2010

11. Журавлёва А.С. Анализ примеров транскрипции и транслитерации в технической литературе. <http://www.km.ru/referats/336031-analiz-primerov-transkripsii-i-transliteratsii-v-tekhnicheskoi-literature>

12. Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазПУ-нің Хабаршысы. «Филология» сериясы. № 4 (58). 2016. – 56-60-беттер.

13. Мамедова Н. Я. Обогащение словарного состава турецкого литературного языка английскими заимствованиями // Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникации». Том 22 (61). № 3. 2009 г. С. 137-142.

14. Пашаева Г.Б. Функциональные особенности терминов (на материале азербайджанского языка. Пашаева Гюнель Бахшейиш кызы, 2014 136 Издательство «Грамота» www.gramota.net) <http://www.lib.knigix.ru/23informatika/78807-1-pashaeva-gyunel-bahsheyish-kizi-funkcionalnie-osobennosti-terminov-na-materiale-azerbaydzhanskogo-yazika-statya-posvyasch.php>

15. Широнова Е. Заимствование как способ обогащения банковско-финансовой терминологии узбекского языка // <http://gisap.eu/ru/node/29180>